

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

14.10.2024 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Ерденова, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі М.Сейтова, «Қазак филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, кафедраның ОӘК жауапты төрайымдары, факультет ОӘК хатшысы А.Құрбан

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау
3. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау
4. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.
5. Әр түрлі мәселелер

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту

Бірінші мәселе бойынша ОӘК төрағасы М.Талдыбаева 2024-2025 оқу жылында оқытылатын барлық пәндер бойынша қысқы сессия емтихандарын қабылдау формаларын талқылауға ұсыныс берді. Қысқы сессияда болатын пәндердің емтихандары үш түрлі болатынын ескертті: ауызша, жазбаша және тәжірибелік түрінде. Тест түрінде алынатын емтихан түрлері тәжірибелікке ауыстырылатынын айтты. Барлық емтихан сұрақтары кафедра меңгерушілер тарапынан қадағаланып, сапалы жасалып дер кезінде мониторинг бөліміне өткізілуі керек екендігін айтты. Сонымен қатар, докторантура бойынша емтихан сұрақтары 30 пайызға жаңартылатынын айтты.

ШЕШІМ: 1.Емтихан сұрақтары сапалы жасалып, дер кезінде мониторинг бөліміне өткізілсін (жауапты кафедра меңгерушілері).

2. Докторантура бойынша емтихан сұрақтары 30 пайызға жаңартылсын.

2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау

Екінші мәселе бойынша **Филология факультетінің деканы А.Өзтүрк** кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылауды ортаға салды. Ол, өз сөзінде кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарының білім беру стандарттарына сай екендігін айтып университеттің Академиялық комитетіне ұсынды.

ШЕШІМ: Филология факультетінің кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.

3. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау

Келесі оқу жылына дайындық барысында комитет жоғары білім және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Тізілімінде тіркеуді жүзеге асыруды талқылау үшін жиналды. ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, тіркелген бағдарламалардың шолуын ұсынды, олардың академиялық құрылымды қалыптастырудағы және студенттердің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандырудағы маңыздылығын атап өтті.

Талдау бағдарламалардың анықталған мақсаттарына қол жеткізудегі тиімділігін, студенттерді қабылдау көрсеткіштерін, бітіру деңгейлерін және студенттер мен оқытушылар арасындағы жалпы қанағаттанушылықты бағалауға бағытталды. Комитет мүшелері осы бағдарламаларды жүзеге асырумен байланысты пікірлер мен тәжірибелерді бөлісуді ұсынды, өткен оқу жылындағы жетістіктер мен қиындықтарды талқылады.

Комитет бұл бағдарламалардың үздіксіз жетілдірілуі мен ұлттық білім беру стандарттары және еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Бағдарламаны жүзеге асыруды жақсарту, кері байланыс механизмдерін енгізу және оқытушылар мен студенттерге қолдау көрсету үшін қосымша ресурстар ұсыну жөнінде ұсыныстар жасалды.

Осы бірлескен талдау арқылы комитет тіркелген бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуын және Қазақстандағы жоғары білімнің дамып келе жатқан қажеттіліктеріне сәйкес үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз етуді көздейді.

ШЕШІМ: 2024-2025 оқу жылында жоғары білім және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын, талқыланған ұсыныстарды жүзеге асырумен талдау бекітілсін.

4. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.

4-мәселе бойынша ОӘК төрағасы М.Талдыбаева сөз алып, «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімімен таныстырды. Үздік оқытушы байқауына қатысуға үш кафедра тарапынан оқытушылар ұсынылды. Атап айтатын болсақ, Түрік филологиясы кафедрасынан PhD, аға оқытушы Адильбекова Эльмира Сейтимовна, Жалпыакадемиялық ағылшын тілі кафедрасынан соц.ғ.к., доцент м.а. Турлыбеков Бердибай Дуйсенбекулы және Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасынан PhD, аға оқытушы Ермекбаева Айсулу Шериевна ұсынылды.

№	ОПҚ толық аты жөні	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Туылған жылы	Телефон нөмірі
1	Адильбекова Эльмира Сейтимовна	Түрік филологиясы	PhD, аға оқытушы	29	08.12.1967	+7 705 485 24 27
2	Турлыбеков Бердибай Дуйсенбекулы	Жалпыакадемиялық ағылшын тілі	Каф.меңг. соц.ғ.к. Доцент м.а.	26 жыл	08.08.1973	+7 701 738 5387

3	Ермекбаева Айсулу Шериевна	Ағылшын филологиясы және аударма ісі	Каф.менг. PhD, аға оқытушы	19 жыл	14.06.1983	+7 705 4838683
---	----------------------------------	---	----------------------------------	--------	------------	-------------------

Комитет мүшелері кафедралар тарапынан ұсынылған оқытушылардың тізімімен танысып, олардың барлығының еңбек өтілдері мен ғылыми дәрежелері талапқа сай, академиялық қоғамдағы жетістіктері мен оқыту тәжірибелері жоғары деңгейде екендігін растады. Нәтижесінде, «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлерді бірауыздан қолдап, сәттілік тіледі.

ШЕШІМ: «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысушы кандидаттардың тізімі бекітіліп, университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

5. Әр түрлі мәселелер.

5.1 Әртүрлі мәселелер бойынша Филология факультетінің ОӘК төрағасы М.Талдыбаева сөз алып, доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Тіл білімі тарихы» атты оқу құралымен қысқаша таныстырып өтіп, магистранттар мен ізденушілер, оқытушылар және білімгерлер үшін пайдалы болатынына сенім білдірді.

Одан әрі факультеттің Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Сүйінжанова да, кеңеске ұсынылып отырған оқу құралының практикалық сипатта білім алушыға бағдарланған қырын атап өтті. Пікірлері бар, антиплагиат бағдарламасынан өткен.

Г.Жылқыбайдың бұл оқу құралын магистранттарға пайдалы маңызды еңбек санатында деп бағалап, еңбекті университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсынуға әбден лайық деп шешім қабылдады.


Шешім: Қазақ филологиясы кафедрасының доценті Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Тіл білімі тарихы» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсынылсын.

5.2 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева сөз алып, Г.Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» және «Методика преподавания русского языка II» атты оқу-әдістемелік құралдарының сараптамадан өткенін және оң пікірлер алғанын атап өтті. Сондай-ақ, ол оқу құралдарының антиплагиат жүйесінен сәтті өткені туралы дәлелдеуші құжаттың бар екендігін айта келе, ішкі, сыртқы пікірлермен таныстырды. Жиналысқа қатысушылар Г.Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» және «Методика преподавания русского языка II» атты оқу-әдістемелік құралдарын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну жөнінде шешім қабылдады.

Шешім: Филология факультетінің Орыс тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушысы п.ғ.д., профессор Г.Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» және «Методика преподавания русского языка II» атты оқу-әдістемелік құралдары университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

Факультет ОӘК төрағасы

ОӘК хатшысы



М.Талдыбаева



А.Құрбан